

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 499-V ҚРЗ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, № 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122, 123-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 52-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар, № 22-V, 156-құжат; № 23-I, 169-құжат):

1) 4-баптың 1-тармағының 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«38) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасына және (немесе) Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес пошта қызметі саласындағы көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;».

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, № 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат):

1) 152-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«152-бап. Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жөнелту үшін қабылдау қағидаларын бұзу Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жөнелту үшін қабылдау қағидаларын теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе көлігінің

және пошта операторының жұмыскерлері жасаған бұзушылық – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 637-бап 1-тармақтың бірінші бөлігінің 12) тармақшасындағы «таратуы түрінде жасалған бұзушылық – » деген сөздер «таратуы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13), 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

13) пошта операторларының пайдаланушыларға қызмет көрсету және операциялық күнді өткізу тәртібін ұйымдастыру жөніндегі белгіленген талаптарды сақтамауы;

14) пошта операторларының пошта жөнелтілімдерінің жоғалуына алып келген қабылдау және табыс ету, сондай-ақ оларды ресімдеу тәртібі жөніндегі белгіленген талаптарды бұзуы ;

15) пошта операторларының пошта жөнелтілімдеріндегі тыйым салынған нәрселер мен заттарды анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар мен жабдықтарды пошта желілерінде орнату жөніндегі талаптарды бұзуы – ».

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 124-4-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«124-4-бап. Субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу»;

2) 116-бап 3-тармақтың 12) тармақшасындағы «тарифтерін бекітуге бағалар мен тарифтерді реттейді.» деген сөздер «тарифтерін бекітуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттейді.»;

3) мынадай мазмұндағы 124-4-баппен толықтырылсын:

«124-4-бап. Субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу

Мемлекет Қазақстан Республикасының пошта, байланыс, автомобиль көлігі және теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес пошта, байланыс және тасымалдау саласындағы субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттейді.».

4. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж.,

№ 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, № 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат) :

1) 30-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Осы баптың 2-тармағының 1), 3), 5), 9) және 12) тармақшаларында көзделген банк операцияларын Ұлттық пошта операторы уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады. » ;

2) 31-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Банк клиенттерді тарту жөніндегі, банк талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асыру, клиенттердің құжаттарын банкке беру жөніндегі шарттың (келісімнің) негізінде банкке қызметтер көрсететін тұлғаның (бұдан әрі – банкке қызмет көрсететін тұлға) құқыққа сыйымсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін банктің аталған тұлғамен жасалған тиісті шартының (келісімінің) талаптары бойынша жауапкершілікте болады.

Банк пен банкке қызметтер көрсететін тұлға арасындағы шарт (келісім) клиентке қарап шығуы үшін ұсынылуға жатады және онда банкке осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған қызметтерді көрсететін тұлғаның құқыққа сыйымсыз әрекеттері үшін банктің клиент алдындағы жауапкершілігі міндетті түрде қамтылуға тиіс.

Банк және банкке қызметтер көрсететін тұлға арасында жасалған шарт (келісім) негізінде банкке қызметтер көрсететін тұлға қызметінің тәртібі уәкілетті орган бекітетін банкке клиенттерді тарту, банк талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асыру, клиенттердің құжаттарын банкке беру жөніндегі қызметтерді көрсету қағидаларында белгіленеді. » .

5. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; №

15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-V, 154, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат):

50-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кондоминиум объектілерін басқару органдары арқылы абоненттік пошта жәшіктерін орналастыруды және оларды тиісті жай-күйде күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.».

6. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, № 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 13, 65-құжат; № 20-IV, 113 - қ ұ ж а т) :

1) 12-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ішкі сауда объектілері, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, өзен порттары, айлақтары, пошта операторларының өндірістік объектілері;»;

2) 13-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар әкетілетін, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін жүкті тиеп-жөнелтудің бастапқы орындарында және экспорттық партияларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезінде теңіз және өзен порттарында (айлақтарында), әуежайларда, теміржол станцияларында, пошта операторларының өндірістік объектілерінде, ішкі сауда объектілерінде, автовокзалдарда (автостанцияларда) және өзге де объектілерде қайтадан белгілейді. Қайта тиеусіз әкету кезінде шекаралық пунктте (бекетте) тиеп-жөнелту орнында берілген фитосанитариялық сертификаттың дұрыс ресімделуін ғана қадағалау жүзеге а с ы р ы л а д ы . » .

7. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 12-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

10-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Міндетті техникалық қарап-тексеру өткізілетін жерлерде және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу аталған жерлерде қаржылық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын, сақтандыру компанияларының агенттік көрсетілетін қызметтерін ұсынатын ұйыммен ғана жүзеге асырылады. » .

8. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; ; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат;; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат):

1) 1 - б а п т а :

4), 7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) автомобиль көлігі – қызмет аясы автокөлік құралдары мен инфрақұрылымды пайдалана отырып, жолаушылар, багаж, жүктер мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылатын экономика саласы;»;

«7) автомобильмен тасымалдау – автомобиль жолдары арқылы автокөлік құралдарымен жүзеге асырылатын жолаушылар, багаж, жүктер және пошта жөнелтілімдері т а с ы м а л ы ;

8) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік ететін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша ақылы немесе жалдамалы қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 8-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) пошта жөнелтілімдерін тасымалдау болып бөлінеді.»;

3) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Жүктерді және пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау»;

4) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«39-бап. Пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау

1. Тасымалдаушылар пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдауды пошта операторларымен жасалған пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырады.

2. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау үшін арнайы жасалған автокөлік құралы пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шартына сәйкес қатаң тікелей

мақсатында пайдаланылуға тиіс. Мұндай автокөлік құралында пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдауға қатысы жоқ бөгде адамдарды тасымалдауға тыйым салынды.

3. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынатын пошта операторы көлігінің автомобиль, теміржол, су станциялары мен вокзалдарының, әуежайлардың аумақтарында орналасқан жүк және багаж кешендеріне пошта жөнелтілімдерін алмасу үшін өтуі бірінші кезекте және ақысыз жүзеге асырылады.

4. Егер пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шартында өзгеше белгіленбесе, пошта жөнелтілімдерін тиеуді және түсіруді, сондай-ақ оған ілесіп жүруді және оның жүру жолында сақталуын пошта операторлары қамтамасыз етеді. Егер шарт талаптарынан өзгеше жағдай туындамаса, автомобильмен тасымалдау кезінде пошта жөнелтілімдерінің сақталуы мен тұтастығы үшін пошта операторы жауаптылықта болады.».

9. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат):

1) 2 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) арнаулы пошта байланысы – Ұлттық пошта операторының құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын және заңмен қорғалатын кез келген құпия және құндылықтар, оның ішінде бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар бар пошта жөнелтілімдерін, арнаулы және өзге де жөнелтілімдерді қабылдауды, өңдеуді, күзетуді, тасымалдауды және жеткізуді (табыс етуді) қамтамасыз ететін курьерлік пошта байланысының түрі;»;

б) тармақшадағы «арнаулы байланыс» деген сөздер «арнаулы пошта байланысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) әмбебап қызмет көрсету операторы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әмбебап байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі міндет жүктелген байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторы;

9) байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері – телекоммуникациялар және пошта байланысы секторында бекітілген, уәкілетті орган әзірлейтін және Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітетін байланыстың көрсетілетін қызметтерінің ең аз тізбесі, оларды кез келген елді мекенде байланыстың көрсетілетін қызметтерін кез келген пайдаланушыға тағайындалған мерзімде, белгіленген сапада және осы көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін баға деңгейінде көрсету әмбебап қызмет көрсету операторлары үшін міндетті болып табылады;»;

2) 5-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету үшін жағдайлар жасау;»;

3) 7 - б а п т а :

12) тармақшадағы «поштамен» деген сөз «пошта байланысы арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын.

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) Субсидияларлар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды және Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту;»;

4) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) байланыс саласындағы табиғи монополия аясындағы көрсетілетін қызметтерге тарифтерді, сондай-ақ байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткізетін көрсетілетін қызметтерге бағаларды;

2) ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттейді.

Осы тармақта аталған көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

5) 21-баптың 4-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын;

6) 22-2-баптың тақырыбы мен мәтініндегі «Арнаулы байланыс», «арнаулы байланыс» деген сөздер тиісінше «Арнаулы пошта байланысы», «арнаулы пошта байланысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 24-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Пошта операторының пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасымен реттеледі.
» ;

8) 29-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

9) 3 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Фельдьегерлік және арнаулы пошта байланысы қызметтеріне, сондай-ақ пошта операторларына шарт талаптарымен теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль

көлігінің барлық бағдарлары мен желілері бойынша пошта операторының жұмыскерлері, фельдъегерлік және арнаулы пошта байланысы қызметкерлерінің ілесіп жүруімен пошта жөнелтілімдерін және арнаулы жөнелтілімдерді тасымалдауға, сондай-ақ пошта жөнелтілімдерін және арнаулы жөнелтілімдерді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тасымалдау үшін тапсыруға құқық беріледі. » ;

2-тармақтың 2) және 3) тармақшаларындағы және 3-тармақтағы «арнаулы байланыс» деген сөздер «арнаулы пошта байланысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 31-баптың 2-тармағындағы «пошта тасымалдау» деген сөздер «пошта жөнелтілімдерін тасымалдау» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері»;

12) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері

1. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері – телекоммуникациялар және пошта байланысы секторында бекітілген байланыстың көрсетілетін қызметтері, оларды уәкілетті орган белгілеген қызмет көрсету сапасының көрсеткіштерімен халыққа ұсыну міндетті болып табылады.

2. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынудың негізгі өлшемшарттарына мыналар жатады:

1) байланыстың көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар үшін бағаның қолжетімділігі;

2) тұрған жері бойынша қолжетімділік, ол елді мекен санаты мен тұрғындар саны ескеріле отырып, айқындалады;

3) уақыт бойынша қолжетімділік, ол белгіленген уақыт кезеңі ішінде жеке телефондар орнатуға немесе қол жеткізу желілерінің белгілі бір санын енгізуге (қоғамдық телефондар орнатуға) өтінімдерді қанағаттандыру ескеріле отырып, айқындалады.

3. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығы үшін республикалық бюджетке қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының, сондай-ақ ұялы байланыстың берілуі үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалатын тәртіппен төлемақы енгізіледі.

4. Телекоммуникацияның әмбебап көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді қайта теңгерімдеу жоспарын уәкілетті орган бекітеді.»;

13) 33 және 34-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«33-бап. Әмбебап қызмет көрсету операторы

1. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері тізбесінен байланыстың әмбебап қызметтерін көрсетуді әмбебап қызмет көрсету операторлары жүзеге асырады.

Әмбебап қызмет көрсету операторы әмбебап көрсетілетін қызметтер тізбесінен бір немесе бірнеше әмбебап қызмет көрсетеді.

2. Әмбебап қызмет көрсету операторларының саны барлық ықтимал пайдаланушыларды байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып, айқындалады.

3. Байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету құқығы байланыс операторларының арасында өткізілген конкурс нәтижелері бойынша беріледі.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдер болмаған немесе жеңімпазды анықтау мүмкін болмаған жағдайда, байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесінен жекелеген әмбебап байланыс қызметтерін көрсетуді уәкілетті орган осы аумақта көрсетілетін қызметтердің осы түрлері бойынша нарықта анағұрлым көп үлеске ие болатын байланыс операторына жүктейді. Бұл ретте байланыс операторы өзіне жүктелген байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі міндеттен бас тартуға қ ұ қ ы л ы е м е с . » ;

34-бап. Байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерін субсидиялау

1. Ауылдық елді мекендерде көрсетілетін байланыстың әмбебап қызметтері субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге жатады. Ауылдық елді мекендерде байланыстың әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының залалдары, егер бұл конкурс шарттарында немесе байланыс операторына байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттерді жүктеу шарттарында айқындалған болса, субсидиялануға жатады.

Қалаларда байланыстың әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының залалдары субсидиялануға жатпайды.

2. Субсидиялар мөлшері конкурс шарттары немесе байланыс операторына байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттерді жүктеу шарттары бойынша айқындалады, тиісті қаржы жылына республикалық бюджетте көзделген субсидиялар мөлшерінен аспауға тиіс және шығыстар мен байланыстың залалды әмбебап қызметтерін көрсетуден түскен нақты кірістердің айырмасы ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

3. Субсидияларлар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды, байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

10. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24,

146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат ; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 10, 52-құжат;; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170 - құжат) :

55-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«55-бап. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау

1. Пошта операторларына тұрақты рейстер жасайтын кемелерде белгіленген ақыға өз жұмыскерлерінің ілесіп жүруімен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау құқығы беріледі .

Пошта операторлары жұмыскерлерінің ілесіп жүруімен пошта жөнелтілімдерін тасымалдайтын кемелерде пошта қызметін жүзеге асыру, пошта жөнелтілімдерін сақтау және пошта операторлары жұмыскерлерінің демалуы үшін белгіленген тәртіппен ақылы негізде орынжайлар ұсынылады.

2. Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау тәртібін пошта саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Тасымалдаушының кінәсінен пошта жөнелтілімдерінің жоғалғаны, жетіспеушілігі, зақымданғаны (бүлінгені) және (немесе) жеткізілуінің кешіктірілгені үшін тасымалдаушының пошта операторлары алдындағы жауапкершілігі пошта операторларының жөнелтуші немесе адресат алдындағы жауапкершілігі мөлшерінен аспауға тиіс . » .

11. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат ; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VII, 161-құжат ; № 23 - II , 172 - құжат) :

10-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ауыл халқына микрокредит беруді, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда жеке және заңды тұлғаларға субсидиялар төлеуді ұйымдастыру жасалған шарт негізінде Ұлттық пошта операторының өндірістік объектілері арқылы жүргізіледі.»;

12. «Қазақстан Республикасының әуе кеңестігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-

құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар):

1) 1-баптың 14-1) тармақшасындағы «поштаны» деген сөз «пошта жөнелтілімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 3-тармағындағы «хат арқылы почтамен» деген сөздер «хатпен пошта байланысы арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-баптың 1-тармағының 41-62) және 41-64) тармақшаларындағы «поштаны» деген сөз «пошта жөнелтілімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«85-бап. Пошта жөнелтілімдерінің жоғалғаны, жетіспеушілігі, зақымданғаны (бүлінгені) және (немесе) жеткізілуінің кешіктірілгені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушының кінәсінен пошта жөнелтілімдерінің жоғалғаны, жетіспеушілігі, зақымданғаны (бүлінгені) және (немесе) жеткізілуінің кешіктірілгені үшін пошта операторлары жөнелтушілердің немесе адресаттардың алдында жауапкершілікте болған мөлшерде тасымалдаушы пошта операторларының алдында материалдық жауапкершілікте болады.»

13. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 50-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат):

34-баптың 10-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен еңбек шартын не Ұлттық пошта операторымен шарт жасаспаған тұлғаларды осы баптың 9-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін тартуға;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев